**«8D02209 - Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Дюсенов Багдат Данияровичтің «Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер – тілдік-мәдени дереккөз («ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа» материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

# РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

| р/н № | Өлшемшарттар | Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу) | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету) |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Атап айтқанда, зерттеу жұмысы Қазақстанның өткені мен болашағын бағамдау мақсатында құрылған «Қазақстан-2050» стратегиясы, 2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы дамуының Ұлттық жоспары, ҚР Үкіметі қабылдаған 2003 ж. «Мәдени мұра», 2013 ж. «Халық тарих толқынында», 2020 ж. «Архив – 2025» және т.б. мемлекеттік бағдарламалардың негізгі бағыттарына сәйкес келеді. Бұл бағдарламаларда ұлттық код, халық жады, тарихи, мәдени, рухани құндылықтарымызды қайта қарау, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру, Ұлы дала тарихы мен мәдениетін тың дереккөздер негізінде заманауи зерттеулермен жаңа көзқараспен сараптап, ғылыми айналымға енгізу бағыттарына маңыздылық берілген. |
| | | 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); | |
| | | 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); | |
| | | 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Сондай-ақ, Тәуелсіз Қазақстанның «Қазақстан-2050» стратегиясы, 2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы дамуының Ұлттық жоспары және басқа да мемлекеттік бағдарламалармен сәйкес. Осы мемлекеттік бағдарламалардың барлығында Мәмлүктер кезеңінде билік жүргізген тегі қыпшақ мәмлүктердің тарихи-мәдени мұраларын түгендеу жұмыстары басты назарға алынған. 2023 ж. Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығы өте жоғары деңгейде аталып өтті. Еліміздің көптеген мектеп, мешіт-медресе, көше атауларына Бейбарыс есімі берілді. Халықаралық, республикалық деңгейде көптеген ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізілді. Бұның барлығы Қазақстанның ортағасырлық тарихы мен мәдениеті үшін Мәмлүктер кезеңі және сол кезеңдегі тарихи тұлғалар, жазба ескерткіштер өте маңызды екендігін көрсетеді. |
| 2. | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Мәмлүктер мұрасын зерделеуге арналған бұл диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады. Ғылыми жұмыстың тақырыбы анық, мақсаты-міндеттері айқын, ғылыми тұжырымдары мен |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қорытындысы нақты. Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері нақты, қолданған әдістері анық, қорғауға ұсынған жаңалықтары дәйекті. Диссертацияның ғылыми аппараты да толық, пайдаланылған әдебиеттері де қомақты. Мәмлүк қыпшақтардың жазба мұрасын түпнұсқадан зерделеп, көне қолжазбаларға кадикология-мәтінтанулық һәм тілдік тұрғыдан қарастырған бұл жұмыстың ғылым үшін маңыздылығы да жоғары. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған. | Ғылыми жұмыстың тілі жатық, ғылыми стильде жазылған, деңгейі жоғары. Ішкі құрылымдарында, тарау мен тараушаларында үйлесімділік бар. Деректерді қорыту мен мәліметтерді беруде өзіндік стилі анық аңғарылады. Сондай-ақ, ғылыми жұмысты жазу барысында жариялаған мақалалары мен конференция жинақтарында жарық көрген баяндамалары да ізденушінің ғылыми стилі қалыптасып, ғылым әлеміне дайындықпен келгенінен хабар береді. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) негізделген;<br>2) ішінара негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертацияның өзектілігі жан-жақты негізделген. Ғылыми жұмыстың тақырыбы мен мазмұны толық сәйкес келеді, ішкі тараулар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | мен тараушалар да үйлесімділік, іштей байланыс бар. Диссертация үш тарау, әр тарау үш тараушадан тұрады. Жұмыстың соңында қорытындысы мен пайдаланылған әдебиеттері тізімі, сондай-ақ, жұмысты айшықтауға байланысты қосымшалары берілген. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:<br>1) айқындайды;<br>2) ішінара айқындайды;<br>3) айқындамайды. | Диссертацияның тақырыбы мен мазмұны толық сәйкес келеді. Сондықтан да диссертация мазмұны тақырыпты толық айқындайды. Ішкі тараулар диссертация мазмұнын жеткізуге, ал мазмұн тақырыпты ашуға негіз болған. Сондықтан да жұмыс жүйелі, тиянақты әрі нақты жазылған. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) сәйкес келеді;<br>2) ішінара сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді. | Ғылыми жұмыстың мақсаты анық, міндеттері нақты. Қойылған міндеттер негізгі мақсатқа жетуге негіз болған. Сондықтан да диссертацияның мақсаты мен міндеттері жұмыстың тақырыбына толық сәйкес келеді. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:<br>1) толық байланысқан;<br>2) ішінара байланысқан;<br>3) байланыс жоқ. | Диссертация үш тарауды қамтитын негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және сөздік қосымшасынан тұрады. Ішкі тарау-тараушаларында үйлесімділік бар. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық тұрғыдан толық байланысқан. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) сыни талдау бар;<br>2) талдау ішінара жүргізілген;<br>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;<br>4) талдау жоқ. | **Диссертант бұрыннан бар ғылыми әдістер мен қағидаттарды қолдана отырып, қол жеткізген материалдар негізінде жаңа бағытқа негізделген жаңаша талдау жасай білген. Мәмлүк қыпшақтар мұрасын хронологиялық контексте салыстыру, эволюциясын анықтау үшін тарихи-салыстырмалы әдісі, ескерткіштердің нұсқаларын түгендеу, анықтау үшін археографиялық әдіс, жазу үлгілерінің дамуын, стилін зерттеу үшін полеографиялық талдау әдістері, эпиграфикалық ескерткіштерді тіркеу, фотофиксация, эстампаж арқылы жазуларды көшіру үшін деректер жинау әдістері қолдана отырып, өзіндік сыни талдауларға қол жеткізген.** |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | **Диссертанттың зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен ережелері толығымен жаңа. Автор мәмлүк қыпшақтардың жазба ескерткіштерін («ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа») зерттеуде тың нәтижелерге қол жеткізген. Сол дәуірде хатқа түскен материалдарды түпнұсқадан зерделегендіктен де, нәтижелерінің, тұжырымдары мен ұсынылған жаңалықтарының** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ғылыми негізі жоғары. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? | Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Үш тарау мен әр тарауда берілген тараушаларда жасалған тұжырымдары жинақталып, жұмыстың Қорытынды бөлімінде толық көрініс берген. Соның негізінде диссертацияның тақырыбы мен мазмұны толық ашылып, алға қойған мақсат-міндеттерге толығымен жеткен. |
| | | 1) толығымен жаңа; | |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? | Зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелер мен шешімдер толығымен жаңа. |
| | | 1) толығымен жаңа; | |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін). | Диссертациядағы айтылған пікірлер, жасалған тұжырымдар мен қол жеткізілген нәтижелер, пайдаланылған дереккөздер ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдермен негізделіп отырған. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі ережелер | Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: | Диссертант Б.Д.Дюсеновтің жұмысты жазу барысында ұсынған қағидаттары:<br>7.1 Ғылыми қағидаттар дәлелденген;<br>7.2 Ғылыми зерттеудегі қағидаттар тривиалды емес; |
| | | 7.1 Ереже дәлелденді ме? | |
| | | 1) дәлелденді; | |
| | | 2) шамамен дәлелденді; | |
| | | 3) шамамен дәлелденбеді; | |
| | | 4) дәлелденбеді; | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. | 7.3 Ғылыми зерттеудегі қағидаттар жаңа;<br>7.4 Ғылыми зерттеудегі қағидаттардың қолдану деңгейі ауқымды.<br><br>7.5 Диссертация тақырыбы бойынша жазылған 9 ғылыми мақалада қағидаттар дәлелденген. Атап айтқанда, 1 мақала Скопус (Scopus) мәліметтер базасында, 3 мақала – ҚР ҒЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда және 5 мақала – халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында жарияланған. |
| | | 7.2 Тривиалды ма? | |
| | | 1) ия; | |
| | | 2) жоқ; | |
| | | 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. | |
| | | 7.3 Жаңа ма? | |
| | | 1) ия; | |
| | | 2) жоқ; | |
| | | 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. | |
| | | 7.4 Қолдану деңгейі: | |
| | | 1) тар; | |
| | | 2) орташа; | |
| | | 3) кең | |
| | | 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. | |
| | | 7.5 Мақалада дәлелденген бе? | |
| | | 1) ия; | |
| | | 2) жоқ | |
| | | 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. | |
| 8. | Дәйектілік қағидаты. | 8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: | Йә. Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты. Зерттеу барысында қолданылған әдістер дұрыс таңдалған. Зерттеуде хронологиялық контекстте салыстыру, лингвистикалық талдау әдістері, полеографиялық талдау әдістері, кеңістіктік-уақыттық талдау әдісі, лингвистикалық |
| | Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 1) ия; | |
| | | 2) жоқ. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | модельдеу әдісі, эпиграфикалық ескерткіштерді тіркеу, фотофиксация, эстампаж арқылы жазуларды көшіру үшін деректер жинау әдістері қолданылған. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: | Йә. Диссертацияны жазу барысында заманауи компьютерлік технологияларды толығымен қолданған. Көне қолжазбаларды оқып-зерделеуде заманауи технологияларды қолданудың нәтижесінде XIII-XVII ғғ. жазба ескеткіштер толық зерделенген. |
| | | 1) иә; | |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): | Йә. Жұмыста теориялық қорытындылар, мобельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар дәлелденген және расталған. Сондықтан да ғылыми жұмыстың тұжырымдарын ортағасырлық әдеби жәдігерлерді, әсіресе мәмлүк қыпшақтар мұрасын кешенді зерделеуде кеңінен қолдануға болады. |
| | | 1) иә; | |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған. | Зерттеу барысында ортағасырлық көне қолжазбалар қолданылған. Ондағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Араб, ағылшын және түркі тілдеріндегі ғылыми еңбектер кеңінен қолданылған. Диссертацияда Toparlı R., Vural H., Karaatli R., Zajączkowski A., |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Brockelmann C., Щербак А., Нуриева Ф., Дадабаев Х., Хайдар Ә., Әбілқасымов Б., Құрышжанұлы Ә., Көмеков Б. Е. секілді белгілі ориеналистер мен түркітанушылардың еңбектері пайдаланылған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз. | Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті. Теориялық және әдіснамалық еңбектер молынан қамтылған. |
| 9 | Практикалық құндылық қағидаты | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:<br>1) бар;<br>2) жоқ. | Йә. Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштердің тілдік қабатын зерттеу арқылы көптілділік пен мәдени синтез феноменына жаңа түсінік берілген, тілдік деректерді мәдени контекстпен біріктіретін интердисциплинарлық модель ұсынылған, сондай-ақ, ғылыми гипотезаларды дамыту мақсатында мәмлүк сөздіктеріндегі түркі тілінің лексикалық элементтері, олардың саяси-мәдени үстемдігі дәлелденген. Сондықтан да, ортағасырлық мәмлүктер мұрасын тереңірек зерделеуге жол ашады. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) иә;<br>2) жоқ. | Йә. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Сондықтан да диссертациядағы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ғылыми тұжырымдарды ескі қыпшақ, ескі қазақ тілінің тарихи-этимологиялық сөздіктерін жасауда, жоғары және арнайы оқу орындарында жүргізіліп келе жатқан «Түркітану», «Қазақ тілінің тарихы», «Жазу тарихы» және т.б. пәндерін оқытқанда жәрдемші құрал ретінде, түркі тілдерінің тарихи грамматикасы оқу құралдарын, тарихи-салыстырмалы сөздіктер түзгенде, кейбір ескі қыпшақ сөздерін қазіргі қазақ тілінде жоқ терминдерді түзуге пайдалануға болады. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Диссертациядағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Себебі ғылыми жұмыста ортағасырларда хатқа түскен «ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа» материалдары алғаш рет қарыстырылған. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Диссертация ғылыми стильде жазылған, техникалық жағынан дұрыс рәсімделген және мемлекеттік стандартқа сәйкес. Жазу деңгейді де жоғары. |
| 11. | Диссертацияға ескертулер | | Диссертацияның құндылығына нұқсан келтірмейтін, алайда алдағы зерттеулеріне негіз болатын төмендегі ұсыныстарды атап өтеміз:<br>1) Зерттеу барысында Мәмлүк қыпшақтары тұсында жазылған |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | әдеби жәдігерлерді де зерделеп, өзіндік пікірін білдіргенде;<br>2) Мәмлүктер мұрасын зерттеудегі отандық ғалымдардың соңғы жылдары ғылыми айналымға енген еңбектері кеңінен қарастырылғанда;<br>3) Мәмлүк қыпшақтар мұрасының бүгінгі қазақ руханиятындағы маңызына кеңірек тоқталғанда орынды болар еді. |
| 12. | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | | Диссертацияны жазу барысында 9 мақала жарияланған. Ғылыми мақалалардың ғылыми деңгейі жоғары. |
| 13. | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | | «8D02209 - Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Дюсенов Багдат Данияровичтің «Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер – тілдік-мәдени дереккөз («ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа» материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған, мақсат-міндеттеріне қол жеткізілген, толыққанды ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертанттың осы ғылыми ізденістер арқылы ғылым әлеміне сыналап енгенін, келешекте |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | үлкен жетістіктеге қол жеткізуге болатынына көз жеткізуге болады. Сондықтан да, көне қолжазбалар мен эпитафиялардың білікті маманы ретінде Дюсенов Багдат Данияровичті «8D02209 - Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық деп есептеймін. |

**Ресми рецензент:**

**ҚМДБ Ислам ғылыми-зерттеу институты,**
**филолгия ғылымдарының кандидаты, қауым. Профессор** **Қыдыр Т.Е.**

**19 маусым 2025 ж.**